

## Петропавл қаласының көшелеріне атау беру және қайта атау туралы

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 6 қаңтардағы № 3 және Солтүстік Қазақстан облысы мәслихатының 2017 жылғы 6 қаңтардағы № 9/2 бірлескен қаулысы мен шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 2 ақпанда № 4038 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 11-бабы 4-1) тармақшасына сәйкес, 2016 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Республикалық ономастика комиссиясы қорытындысының негізінде, Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТТІ** және Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихат **ШЕШТІ**:

1. Петропавл қаласының "Солнечный" ықшам ауданындағы жаңа көшелерге:
  - 1) Ғалым Малдыбаев атындағы көше;
  - 2) Есләм Зікібаев атындағы көше аттары берілсін.
2. Петропавл қаласының мына көшелері қайта аталсын:
  - 1) Явленское шоссе көшесі Қожаберген жырау атындағы көше;
  - 2) 5-сенная көшесі Қазбек Байболов атындағы көше.
3. Осы бірлескен әкімдіктің қаулысы мен мәслихаттың шешімі оны алғашқы ресми жариялаған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан  
облысының әкімі*

*Е. Сұлтанов*

*Солтүстік Қазақстан  
облыстық мәслихаттың  
IX сессиясының төрағасы,  
хатшысы*

*В. Бубенко*